



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

АҚТӨБЕ - ЕЛІМІЗДІҢ ӨНЕРКӘСІП ОРТАЛЫҒЫ

Неталина Гүлнәз Қарымсаққызы

gulnaz_netalina@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 1 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ғ.И.Көшенова

Кешегі өткен жаужүрек ата-бабаларымыздың ел мен жерге деген зор сүйіспеншілігінің арқасында ұлттық құндылықтарымыз ұлықталып, салт-дәстүріміз сақталып, ұшқан құстың қанаты талатын қазақтың дархан даласындағы ұлттар мен ұлыстардың бірлігі бекемделіп, берекеміз тасып, өркениетті дамуға қолымыз жетті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», - деп атап көрсетілген. Елбасының жоғарыда аталған бағдарламалық мақаласының шеңберінде елімізде көптеген іс-шаралар жүзеге асырылып келеді. Осы бағытта еліміздің стратегиялық маңызды аймағында орналасқан – Ақтөбе қаласы мен облысы зерттеудің басты нысаны ретінде алынып, оның республикалық деңгейдегі маңызын ашу көзделіп отыр.

Еуропа мен Азияның қиылысында орналасқан Ақтөбе облысы – Қазақстан Республикасының рухани, мәдени, әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық әлеуеті зор, тарихы елдік пен ерліктің ұлы өнегелеріне толы, жер қойнауы бай өлкелерінің бірі. Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің «Мәртебесі биік шаһар, ең алдымен, адамдарды бір-біріне қол ұшын беруге асығатын, олардың ғаламат әрі ақжарқын көңіл күйін өзге де халықтар білуне ынтазар болатын қала», - деген сөзі қаланың ажары мен қонақжайдығының дәлелі ретінде орталықта, тақтайшаға жазылған [1, 32-33.б].

Ел еңсесін тіктеп, тәуелсіздіктің туы асқақ биікке көтерілгеннен бастап Ақтөбе облысы өз мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып даму жолына түсті. Нақ сол кезеңнен бастап Ақтөбе қаласын дамытудың стратегиялық жоспары әзірленді. Жоспарда қала өмірінің барлық деңгейін қамтуға тырысты: өндіріс көлемін кеңейту, жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, тұрғын үй мәселесін шешу, қаланы көріктендіру т.б. Мәселен, «Қазақстан – 2030» стратегиясы қабылданғаннан кейін Ақтөбенің экономикасын көтеруге нақты қадамдар жасалған. Атап айтқанда қала және облыс экономикасы жыл сайын индикативті жоспар жасау негізінде дамыды.

1998-2000 жылдарды қамтитын стратегиялық жоспар бойынша өнім өндіруді жылма-жыл 4 пайызға арттыру, қала кәсіпорындарының өнім шығару мүмкіндіктерін арттыру, 15 мың жаңа жұмыс орнын жасау, 22 млрд. теңгенің өнімін шығару көзделді. 1998 жылы облыста 23 миллиард 600 мың теңгенің өнімі өндіріліп, 1997 жылғы деңгеймен салыстырғанда 8 млрд. теңгеге артық көлемді құрады. Қалалық еңбек орталығы арқылы бес мыңға жуық адам жұмысқа орналасты. Ақтөбе қаласы бойынша жалпы көлемі 65 мың шаршы метр құрылыс пайдалануға берілді. Мұндай көрсеткіш 1996-1997 жылдардағы деңгейден біршама артық. Қала бюджетінің кіріс бөлігін молайту арқылы сонымен қатар, салық жинауды жолға қоюдың нәтижесінде бюджеттен қоректенетін мекемелерге еңбекақы төлеу бағасы көтеріліп, қаланы көріктендіру мәселесін шешуге оңтайлы жағдай туындаған. Облыста 1997 жылдан бастап өнеркәсіп өндірісінің тұрақтану тенденциясы байқалды. Үй шаруашылығы секторын ескергенде өнеркәсіп өнімін шығару қаңтар - желтоқсанда 1996 жылға қарағанда 27,7 пайыз артты. Стратегиялық

жоспардың хронологиясы әлемдік қаржы дағдарысына тұспа - тұс келгеніне қарамастан мұнай, хром рудасына баға мен сұраныстың кемуіне қарамастан 42,2 млрд. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 1997 жылмен салыстырғанда 1,3 млрд. теңгеге артық. Тұтыну тауарларын шығару жыл ішінде 1997 жылмен салыстырғанда 838 млн. теңгеден асқан. Сонымен 1998-2000 жылдары облыс экономикасы тек тұрақтанып қана қоймай өсімге қарай бет бұрғанын көрсетеді.

Бұған қоса облыс бірте-бірте шетел энергетикасына тәуелділіктен шыға отырып, өзінің дербес энергетикалық қуат көздерін салуға бет бұрды. Сонымен жоғарыда берілген статистикалық мәліметтерді талдай келе жоспар бойынша көзделген 150 шараның 141-і оң шешімін тапқанын байқаймыз.

1998-2000 жылдары облыстың негізгі капиталына 76,7 млрд. теңге инвестиция тартылды. Сол жылдары облыста жаңадан 562 нысан пайдалануға берілді. Мұның өзі облыста бұрын-сонды болмаған шет және ішкі рынокта сұраныс туғызып отырған жаңа өнімдерді шығаруға мүмкіндік берді. Импорттық тауарларды алмастыру, шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөнінде жұмыстар жүргізілді. Соның арқасында басқа төлем түрлері көлемі ұлғайды, ол 1997 жылмен салыстырғанда 3 есе артып, 2000 жылы қорытындысы бойынша 28,1 млрд. теңге құрады. Жергілікті бюджет 2,3 есеге өсті [2, 97-98б.].

Импорттық тауарларды алмастыру мәселесі бойынша облыста нақты жұмыстар жүргізілуде. Шетелдік нивесторлармен өзара ынтымақты қарым-қатынас орната отырып, облыс өнеркәсібінде шығарылатын өнімдерді сатып ала бастады. Нәтижесінде көлемі 6 млн. долларға жетті. Импортты тауарларды алмастыру бағдарламасы жүзеге асыру барысында 2000 жылы қосымша 1745 жұмыс орны ашылды, оның 26-ы жаңа өндіріс орындары. Олар 3 млрд. теңге өнім шығарды. Қазіргі уақытта шетел фирмалары облыс кәсіпорындары шығаратын өнімдерін сатып алады.

Әрине, қаланың экономикалық тұрғыдан дамуына сыртқы сауданың алатын орны ерекше. Осы орайда облыста экспортқа шығаратын материалдық ресурстар жеткілікті, алайда олардың негізін шикізат материалдары құрайды. Облыстық статистика және талдау басқармасының 1991 жылы деректеріне қарағанда сол жылы облыс шетелдерге барлығы 103958 мың сомның өнімдерін шығарса, соның 102338 мың сом шикізат материалдар мен тұтыну тауарларының үлесіне тиді. Ал машиналар мен жабдықтар 1264 мың сом құраған. Бұл шикізат өнімдері мен құрал-жабдықтар қандай елдерге шығарылды десек және экспорт көлемін төмендегі кестеден байқауға болады.

1991 ж. жекелеген елдер бойынша экспортқа шыққан елдер мен сандық көрсеткіш

Елдер	Экспорт көлемі
Жапония	17150
Индия	15311
Чехословакия	11198
Германия	10474
Қытай	9719
Италия	9481
Швеция	4480
Түркия	3258
Монғолия	3002
Югославия	2684

Соңғы жылдарда облыстың сыртқы саудасында экспорттың үлесі барған сайын артып келе жатқандығы байқалады. Кеден статикасының мәліметтері бойынша ұйымдасқан сауданы қоспағанда 2000ж. қаңтар желтоқсанын айларында сыртқы сауда айналымы 848,3 млн. АҚШ

долларын құрады, бұл 1999ж. деңгейіне қарағанда 193,8 пайыз, оның ішінде экспорт - 501,3 млн. доллар (187,3 пайыз), импорт- 347 млн. доллар (203,9 пайыз) болды. Мұнай шикізаты экспорт ретінде жетекші 67 пайызды құрай отыра көптеп шығарылады. Төмендегі кестеден қай елдерге мұнай өңделгенін байқауға болады [3, 104-106б.].

Жіберілген елдер мен көрсеткіштер

Елдер	Көрсеткіш
Ресей	61%
Қытай	28%
Польша	5%

Қаланың 2005-2010 жылдар аралығындағы экономикалық дамуға келіп тоқталып кететін болсам, кейінгі жылдары Ақтөбе облысы экономикасының барлық салалары өте жанданған түрде дамып отырды. Ақтөбе облысы мен Ақтөбе қаласының 2010 жылдың I-тоқсанындағы экономикалық жағдайын қарастыра келе экономикалық көрсеткіштердің жылдам өсуін атап кетуге болады.

Ақтөбе облысы экономика салаларының 2009 жыл бойынша физикалық көлемінің индекстері

Салалар	2009 ж. I- тоқс.	2009 ж. II- тоқс.
Ауыл шаруашылығы	3,6%	2,8%
Өнеркәсіп	-9,6%	16%
Құрылыс	18,1%	76,8%
Бөлшек тауар айналымы	31,1%	11,1%
Жүк айналымы	-30,9%	33,9%
Байланыс		3,2%

2010 жылдың I-тоқсанындағы индекстері

	2010 ж. I-тоқс	Млрд. тг.	Облыс көрсеткіштеріндегі меншікті салмағы
Ауыл шаруашылығы	11,5%	1,3	11%
Өнеркәсіп	32%	39,7	18%
Құрылыс	12,1%	5,2	37%
Бөлшек тауар айналымы	11,1%	35,6	92%

Сонымен, жалпы өнімнің басты құраушысы өнеркәсіп болып табылады. Ол - 16 пайызға өсті, Ақтөбе қаласы бойынша өсім бұдан да жоғары болды. Ол - 32 пайызды құрады.

Кедендік одақ ішінде аңғұрлым жоғарғы импорттық баждарды енгізумен туындалғандықтан импорттық алмасу процестерін тудырады. ТМД-ның үш елінен (Ресей, Белорусь және Украина) 115,5 млрд. теңге импорт көлемін, яғни 2009 жылдың бөлшек тауар айналымының 79 пайызын жалпылама түрде ескерсек, импорттық алмасу үлкен потенциалға ие. [4, 23-24 б.]

Қорыта келе, Қазақстанның дамыған өнеркәсіпті және мәдениетті аймақтардың бірі ретінде Ақтөбенің ел экономикасына елеулі үлесін тигізіп отырғанын көреміз. Экономика саласына ықпал етіп жатқан дүниежүзілік экономикалық дағдарысқа қарамастан (дүниежүзілік нарықта мұнай және металдық бағалары төмендеуі), облыс өнеркәсіп салаларының тұрақты дамуын сақтауға тырысты. Өнеркәсіптің өндіріс көлемі 267,2 млрд. теңгені құрады. 2008 жылы машиналардың өндірістері мен жабдықтаудың - 40,7 пайыз, резеңке және платмассалық бұйымдардың - 39,6 пайыз, мұнай өнім - 25,2 пайыз, тамақ өнімдерінің - 3,0 пайыз және т.б. өнімдердің өндірілуі қамтамасыз етілді. Өнеркәсіпті - инновациялық даму стратегиясы шеңберінде 2008 жылы 156,7 млрд. теңге тұратын 54 жоба іске асырылды. Шамамен қосымша

5,0 жұмыс орындары ашылды. 2009 жылдың бірінші жарты жылдығында 27 млрд. теңге тұратын 24 жоба іске асырылды және 2,5 мыңнан астам жұмыс орындары ашылды [5, 8 б.]. Ауыл шаруашылық, құрылыс, бөлшек тауар айналымы, жүк айналымы салаларында көрсеткіш айналымында жоғарғы индекс те оның еліміздегі маңызын нақтылай түседі. Облыс шет елдерге өнеркәсіп өнімдерін шығара отырып сыртқы сауданың экономиканың дамуына да елеулі ықпал тигізіп отыр.

Сөйтіп Ақтөбе қаласы мен облысы бүгінгі таңда еліміздің стратегиялық маңызы бар өнеркәсіп орталығы ретінде өзін көрсетіп отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мырзағұл М. Ақтөбем-алтын бесігім. - Алматы: «Ана тілі», 1999. – 208 б. - Б. 32-33.
2. Мәмбетов Ү., Меңдіғалиев Т., Тампаев Я., Ескендіров І. Экономика // Ақтөбе энциклопедия. – Ақтөбе: «Отандастар-Полиграфия» ЖШС баспаханасы, 2001. – Б. 97-98.
3. Мәмбетов Ү., Меңдіғалиев Т., Тампаев Я., Ескендіров І. Сыртқы сауда // Ақтөбе энциклопедия. - Ақтөбе: «Отандастар – Полиграфия» ЖШС, 2001. – 748 б. –Б. 104-106.
4. Ақтөбе қаласының ұзақ мерзімді дамыту стратегиясы. – Алматы, 2010. – 560 б. – Б. 23-24.
5. Ақтөбе облысының өнеркәсібі: XX-XXI. – Ақтөбе: Ақарман Медиа ЖШС, 2009. – 210 б.

ӘОЖ 930.85(045)

ЕЛБАСЫ Н.НАЗАРБАЕВ: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТАБЫСТЫ ЕЛ БОЛУЫМЫЗДЫҢ КЕПШІ

Нурболатова Алуа

nurbolatova_alua@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің I курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері –Талғатбек М. О., Дүкенбаева З.О.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат - мүдделер туралы өзекті мәселелер көтерілген. Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне тоқтала келе: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» - деп,[1,1] ой қорытады. Елбасының бұл мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын XXI ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Мемлекет басшысы XXI ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр. Сонымен қатар, адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білуде де көрегендіктер танытып, оған басымдықтар беріп отырғандығын көреміз. Бұл дегеніміз